

Субъектілер санының негізгі көрсеткіштері

Хабарлама мерзімі: 2023 жылғы 10 тамыз

Келесі хабарлама мерзімі – 2023 жылғы

11 қыркүйек

1. Негізгі кезеңдер
2. Субъектілер серпіні
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсіндірмелер
5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі кезеңдер

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша тіркелген заңды тұлғалар саны 524101 бірлікті құрады, оның ішінде 413149 жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар. Тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1777377 құрады, оның ішінде 1676100 жұмыс істеп тұрған субъектілер. Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2234776 бірлікті, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары – 2031826 құрады.

Мөлшері мен белсенділік белгісі бойынша тіркелген және жұмыс істеп тұрған субъектілер

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша

	Заңды тұлғалар		Дара кәсіпкерлік субъектілері		Филиалдар және шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары		Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер	
	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған
Барлығы	524 101	413 149	1 777 377	1 676 100	32 413	22 279	2 234 776	2 031 826
Шағын	515 053	404 255	-	-	31 278	21 157	2 231 844	2 028 986
Орта	6 576	6 458	-	-	624	615	2 932	2840
Ірі	2 472	2 436	-	-	511	507	-	-

2. Субъектілер серпіні

Жыл сайын тіркелген заңды тұлғалар санының орта есеппен 5%-ға өскені байқалады, осылай соңғы он жылда (2012-2022 жылдары) олардың саны 317926-дан 507238 дейін (189312 бірлікке немесе 59,5%-ға) өсті. Осыған байланысты негізгі өсім шағын заңды тұлғалар есебінен орын алатындығын атап өту қажет, олардың саны жыл сайын тұрақты түрде орташа 4,9%-ға көбейді. Шағын кәсіпкерліктен бөлек, орта және ірі заңды тұлғалар серпіні тұрақсыз сипатқа ие. Соңғы онжылдықта, орта және ірі заңды тұлғалар санының жыл сайынғы өсуі аясында, 2016, 2017 және 2019 жылдары олардың саны елеусіз түрде, бірақ (1,3%-ға, 1,4%-ға және 3,1%-ға сәйкесінше) төмендеді.

	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
Қазақстан Республикасы	317 926	338 981	353 833	360 287	383 850	412 677	433 774	446 687	461 983	481 732	507 238
шағын	309 499	330 435	344 994	351 229	374 912	403 862	424 796	437 988	453 343	472 777	497 995
орта	6 095	6 113	6 364	6 572	6 502	6 432	6 490	6 297	6 235	6 494	6 685
ірі	2 332	2 433	2 475	2 486	2 436	2 383	2 488	2 402	2 405	2 461	2 558

Серпінді кестелер:

[Экономика салалары бойынша ҚР тіркелген заңды тұлғалар саны;](#)

[Өңірлер мен мөлшері бойынша ҚР тіркелген заңды тұлғалар саны;](#)

[Өңірлер мен мөлшері бойынша ҚР жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны;](#)

[Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны;](#)

[Жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны.](#)

Тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар

2023 жылғы шілдені маусым айымен салыстырғанда тіркелген заңды тұлғалар санының (0,5%-ға) өскені байқалады, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда олардың саны 5,5%-ға көбейді. Бұл ретте жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны ағымдағы жылдың алдыңғы айымен салыстырғанда 0,4 % азайған, ал өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 10,1%-ға өскені байқалады. Жыл басынан бері экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген заңды тұлғалар санының барынша басым бөлігі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша сақталуда, 2023 жылғы 1 тамыздағы олардың үлесі 27,9%-ды құрайды. Екінші орында – «Құрылыс» (13,3%), үшінші орында – «Көрсетілетін қызметтердің өзге де

түрлерін ұсыну» (9,9%). Осы үш қызмет түрінің жиынтық үлесі барлық тіркелген заңды тұлғалардың 51,1%-ын құрады.

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша барынша көп тіркелген заңды тұлғалар саны Алматы қаласына (147467 немесе 28,1%) және Астана (98846 немесе 18,9%), және Қарағанды облысына (28985 немесе 5,5%) тиесілі. Ең аз тіркелген заңды тұлғалар саны Ұлытау (3002 және 0,6%), Абай (8237 және 1,6%) және Жетісу (8244 және 1,6%) облыстарына тиесілі.

Қызмет түрлері және белсенділігі бойынша тіркелген заңды тұлғалар

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша						
	Барлығы	Одан				Таратылу процесінде
		жұмыс істеп тұрғандар	оның ішінде			
			қайта тіркелгендер	белсенді	уақытша белсенді еместері	
Қазақстан Республикасы	524 101	413 149	60 968	211 227	140 954	4 892
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	21 114	17 692	2 144	9 083	6 465	125
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	5 269	4 324	730	1 579	2 015	56
Өндеу өнеркәсібі	26 368	20 523	2 152	10 834	7 537	286
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	1 909	1 582	205	822	555	11
Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өндеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	2 806	2 212	185	1 192	835	42
Құрылыс	69 833	52 411	6 574	17 993	27 844	1 236
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	146 191	106 696	17 529	50 918	38 249	1 672
Көлік және жинақтау	21 333	16 930	2 614	8 725	5 591	224
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	10 166	8 238	1 406	4 320	2 512	48
Ақпарат және байланыс	17 541	14 639	3 361	7 435	3 843	64
Қаржы және сақтандыру қызметі	8 020	5 544	798	2 815	1 931	131
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	24 697	21 163	3 364	13 151	4 648	186
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	34 640	28 006	3 398	15 687	8 921	209
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	24 783	20 639	2 677	12 157	5 805	146
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	9 589	9 323	152	9 054	117	41
Білім беру	29 309	26 988	1 908	20 640	4 440	133
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	10 622	9 516	975	6 369	2 172	59
Өнер, ойын-сауық және демалыс	7 873	6 466	1 051	3 511	1 904	40
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	52 037	40 256	9 745	14 941	15 570	183
Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі, өзіндік тұтынуы үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру бойынша үй шаруашылықтарының қызметі	-	-	-	-	-	-
Аумақтан тыс ұйымдар мен органдардың қызметі	1	1	-	1	-	-

Өлшем мен меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша						
	Барлығы	Оның ішінде меншік нысандары және түрлері бойынша				
		мемлекеттік	жеке барлығы	одан		шетелдік
				мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуымен) совместных предприятий	
Қазақстан Республикасы	524 101	25 601	450 435	324	11 279	48 065
Шағын	515 053	20 869	446 624	260	11 001	47 560
Орта	6 576	3 576	2 700	28	169	300
Ірі	2 472	1 156	1 111	36	109	205

Электронды кестелер:[ҚР субъектілер санының негізгі көрсеткіштері](#)**Тіркелген және жұмыс істеп тұрған жеке кәсіпкерлік субъектілері (ДК және БДК)**

2023 жылғы шілде айын маусыммен салыстырғанда кейбір тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілерінің (0,5%-ға) өскені байқалады, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда олардың саны 26,7%-ға көбейді. Сонымен қатар жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлік субъектілер саны 1,1%-ға және 31,0%-ға сәйкесінше өскені байқалады. Жыл басынан бері экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілерінің барынша басым бөлігі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша сақталуда, 2023 жылғы 1 тамызда олардың үлесі 37,4%-ды құрайды. Екінші орында «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» (18,2%), үшінші орында «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» (15,9%). Осы үш қызмет түрінің жиынтық үлесі барлық тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілердің 71,4%-ын құрайды.

Қызмет түрлері бойынша тіркелген және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлік субъектілері

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша

	Барлығы		Оның ішінде іске асыратындар:			
	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	өзіндік кәсіпкерлік түрінде		бірлескен кәсіпкерлік түрінде	
			тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған
Барлығы	1 777 377	1 676 100	1 704 924	1 604 481	72 453	71 619
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	282 359	272 390	210 011	200 855	72 348	71 535
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	694	664	694	664	-	-
Өңдеу өнеркәсібі	99 795	94 331	99 787	94 323	8	8
Электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	580	536	580	536	-	-
Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	1 975	1 827	1 974	1 826	1	1
Құрылыс	51 002	47 307	51 000	47 305	2	2
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	664 055	629 057	664 037	629 041	18	16
Көлік және жинақтау	81 251	74 935	81 242	74 929	9	6
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	45 084	41 740	45 080	41 736	4	4
Ақпарат және байланыс	18 116	16 787	18 116	16 787	-	-
Қаржы және сақтандыру қызметі	558	485	558	485	-	-
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	86 677	81 566	86 655	81 548	22	18
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	31 393	28 764	31 392	28 763	1	1
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	37 976	35 480	37 965	35 469	11	11
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	144	141	144	141	-	-
Білім беру	27 389	25 578	27 388	25 577	1	1
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	10 659	10 120	10 659	10 120	-	-
Өнер, ойын-сауық және демалыс	14 720	13 648	14 719	13 647	1	1
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	322 950	300 744	322 923	300 729	27	15

Тіркелген және жұмыс істеп тұрған филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша тіркелген филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының саны 322413 бірлікті құрады, оның ішінде жұмыс жасайтыны - 22279. Барынша көп тіркелген филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының саны Алматы қаласына (3894 немесе 12%) және Астана қаласына (3763

немесе 11,6%), және Қарағанды облысына (2134 немесе 6,6%) тиесілі. Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының барынша басым үлесі «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» (13060 немесе 40,3%), «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» (4656 немесе 14,4%) және «Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет» (2272 немесе 7,0%) салаларына жатады.

Өлшем мен меншік нысандары бойынша тіркелген және жұмыс істеп тұрған филиалдар

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша

	Барлығы	Оның ішінде меншік нысандары және түрлері бойынша				
		мемлекеттік	жеке барлығы	одан		шетелдік
				мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуымен) совместных предприятий	
Қазақстан Республикасы	28 326	2 450	24 559	226	730	1 317
Шағын	27 234	2 226	23 738	200	686	1 270
Орта	602	111	465	12	20	26
Ірі	490	113	356	14	24	21

Өлшем мен белсенділік белгісі бойынша тіркелген шетелдік заңды тұлға филиалдары

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша

	Барлығы	Одан				
		жұмыс істеп тұрған	Оның ішінде			Таратылу процесінде
			қайта тіркелгендер	белсенді	уақытша белсенді еместері	
Қазақстан Республикасы	4 087	2 441	391	1 037	1 013	82
Шағын	4 044	2 400	391	998	1 011	81
Орта	22	20	-	20	-	1
Ірі	21	21	-	19	2	

Шетелдік және бірлескен меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар, филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша шетелдік меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары саны өткен жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 26,5%-ға көбейді. Бірлескен меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалар мен филиалдар 2,3%-ға артты.

Экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде шетелдік және бірлескен меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының барынша басым үлесі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» – 37,2%, «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» – 11,8%, «Құрылыс» – 9,5% салаларына тиесілі.

Шетелдік және бірлескен меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары*

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша

	Заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары			
	шетелдік меншік нысаны		бірлескен меншік нысаны	
	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған
Қазақстан Республикасы	53 469	41 134	12 009	8 600
Ресей	21 896	18 381	5 148	3 932
Түркия	5 332	3 758	785	477
Қытай	3 661	2 145	788	505
Өзбекстан	3 339	2 607	681	474
Қырғызстан	3 035	2 309	395	286
Украина	1 388	1 055	384	276
Әзірбайжан	1 284	1 008	219	146
Германия	938	740	535	394
Корея Республикасы	877	597	186	116
Беларусь	797	681	181	136

* Тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары ең көп 10 көшбасшы ел

Электронды кестелер:

[Шетелдің қатысуымен және бірлескен меншік нысанымен заңды тұлғалар, филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары](#)

[Шетелдік меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары](#)

[Бірлескен меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар мен филиалдар](#)

Тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны өткен жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 26,9%-ға көбейді. ШОК субъектілерінің жалпы санындағы жеке кәсіпкерлердің үлесі 67,7%-ды, шағын кәсіпкерлік заңды тұлғалары – 20,3%, шаруа немесе фермер қожалықтары – 11,8%, орта кәсіпкерлік заңды тұлғалары – 0,1%-ды құрады.

Экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің барынша басым үлесі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» – 35,9%; «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» – 15,7%. «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» – 14,1% салаларына тиесілі.

Қазақстан Республикасындағы аумақтар бөлісінде тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер саны

2023 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша

	тіркелген	жұмыс істеп тұрғандар
Қазақстан Республикасы	2 234 776	2 031 826
Абай	59 811	54 657
Ақмола	63 915	58 751
Ақтөбе	97 892	88 485
Алматы	143 442	135 109
Атырау	74 361	67 826
Батыс Қазақстан	64 771	58 751
Жамбыл	120 297	107 717
Жетісу	65 493	59 860
Қарағанды	112 967	100 247
Қостанай	70 106	65 697
Қызылорда	77 563	72 934
Маңғыстау	89 724	83 488
Павлодар	62 239	55 756
Солтүстік Қазақстан	38 640	35 091
Түркістан	217 480	213 283
Ұлытау	20 614	19 263
Шығыс Қазақстан	72 506	65 045
Астана қаласы	254 673	225 268
Алматы қаласы	386 986	334 998
Шымкент қаласы	141 296	129 600

Электронды кестелер:

[ҚР-дағы тіркелген және жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны](#)

3. Глоссарий

Дара кәсіпкерлік – бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың таза кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалар атынан, олардың тәуекел етуімен және мүлктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын дербес, бастамашыл қызметі. Дара кәсіпкерлік өзіндік немесе бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырылады.

Өзіндік кәсіпкерлікті бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлкті пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлікті жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады.

Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары – қызметкерлердің орташа жылдық саны мен орташа жылдық табысқа байланысты кәсіпкерлік субъектілері мына топтарға жатады: "шағын кәсіпкерлік субъектілері", оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері; орта кәсіпкерлік субъектілері; ірі кәсіпкерлік субъектілері. Мемлекеттік статистика мақсаты үшін тек қана қызметкерлердің орташа жылдық саны белгісі ғана пайдаланылады.

Қызметтің негізгі түрі – шаруашылық жүргізуші субъект жүзеге асыратын қызметтің кез келген басқа түріне қосылған құн салығынан асатын қызмет түрі;

Қосылқы қызмет түрі – үшінші тұлғалар үшін өнімді (тауарды және қызметті) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын негізгіден басқа қызмет түрі.

4. Әдістемелік түсіндірмелер

Барлық ұсынылған көрсеткіштер Статистикалық бизнес-тіркелім негізінде қалыптасқан, ол заңды тұлғалар, филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары, сондай-ақ тіркеу органдарында тіркеуден немесе қайта тіркеуден өткен дара кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты қамтиды.

Ұсынылған кестелер тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың, филиалдардың және шетелдік заңды тұлға филиалдарының, дара кәсіпкерлік субъектілерінің, сондай-ақ қызмет түрлері мен өңірлер бөлінісі бойынша, меншік нысандары бойынша, мөлшері бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын көрсетеді.

Қызмет түрлері қолданыстағы Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес ұсынылған. Бірнеше қызмет түрлерін жүзеге асыратын субъектілер ең көп қосылған құн өсімін қамтамасыз ететін, негізгі қызмет бойынша есептеледі.

Статистикалық бизнес-тіркелімде жұмыс жасайтын субъектілерге мыналар жатады:

- дәл қазіргі уақытта экономикалық қызметті жүзеге асыратын, яғни белсенді субъектілер;
- жаңадан тіркелген және экономикалық қызметті әлі жүзеге асырмағандар;
- уақытша қызметін тоқтатқан субъектілер.

«Қызметкерлердің саны бойынша заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемділігі жіктеуішіне» сәйкес мөлшері бойынша қызметкерлердің жалпы жылдық санына байланысты субъектілерді 3 топқа бөлу қарастырылған:

- шағын (100 адамға дейін);
- орта (101ден 250 адамға дейін);
- ірі (250 адамнан астам).

Филиалдары бар заңды тұлғалар оның барлық филиалдарындағы қызметкерлерінің тізімдік санымен бірге есептеледі.

5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[«Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері» бюллетені](#)

[Заңды тұлғалардың жасы;](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық бизнес-тіркелім ақпараттық жүйесін жүргізу және өзектендіру бойынша әдістемесі.](#)

[Шағын және орта кәсіпкерлік көрсеткіштерін есептеу әдістемесі.](#)

[Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі.](#)

[Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы \(Салық кодексі\).](#)

[Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді тапсыру ережелері.](#)

[Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы.](#)

[«Талдау» ақпараттық-талдамалы жүйесі/Статистика бөлімі/Кәсіпорындар статистикасы.](#)

[Сапа бойынша есеп.](#)

[«Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп» статистикалық нысаны \(1-СР индексі, жылына 1 рет\).](#)

[«Жаңа кәсіпорындар сауалнамасы» статистикалық нысаны \(1-НП индексі, біржолғы\).](#)

Жауапты шығарушы: Статистикалық тіркелімдер және жіктелімдер департаменті	Департамент директоры Е. Бекбердиев Тел. +7 7172 749058	Орындаушы: А.Умирбаева Тел. +7 7172 74-92-89 E-mail: ak.umirbaeva@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс
---	--	---	---